



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 13 мамыр

### 2019 жылғы 3 мамырдан 10 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

8 мамырдағы<sup>2</sup> сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай (2019 жылғы 04 мамырда 380,50), 380,53 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 3 мамырдан 10 мамыр аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ Президенті Әкімшілігінің Қытайдан көлемі \$200 млрд. тауардың импортына 10%-дан 25%-ға дейін бажды көтеру, сондай-ақ Д.Трампың ҚХР-дан тауарларға қосымша \$300 млрд. бажды ұлғайту тапсырмасы туралы мәлімдемелер, АҚШ-та инфляцияның 2% ж/ж дейін (талдаушылардың күтулерінен төмен) өсу қарқыны туралы статистиканы жария ету, Еуропалық комиссияның ЕО экономикасының 2019 жылы 1,2%-ға дейін өсу болжамын төмендетуі (алдыңғы болжамда 1,3%), Ұлыбританияның ЕО құрамынан Еуропарламентке сайлауға дейін шығу процесі мүмкін еместігі туралы хабарлар болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>3</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** Парламенттік сайлаудың нәтижелері бойынша Африка ұлттық конгрессінің басқарушы партиясының көш бастауының, сондай-ақ инвесторлардың экономиканы ынталандыру саясатын жалғасуы туралы күтулерінің, мемлекеттік компанияларды қайта құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында 1,3%-ға (14,35-тен 14,16-ға дейін) нығайды;

- **Ресей рублі** РФ Қаржымині ФҚО-нің апта сайынғы аукциондарына жоғары сұраныстың сақталуына қарамастан, Қытайдан тауарларға АҚШ-тың жаңа баждарына байланысты инвесторлардың тәуекел-сентиментінің нашарлауы аясында 0,2%-ға (65,09-дан 65,22-ге дейін) әлсіреді;

- **Түрік лирасы** Президенттің партиясы жеңіліске ұшыраған Стамбулда жергілікті билік органдарына сайлауды екінші қайтара өткізу қауіпінің, сондай-ақ АҚШ-тың үндеуіне қарамастан мемлекеттің РФ-дан ракетаға қарсы қорғаныс жүйесін сатып алудан бас тартуды қаламауы аясында 0,3%-ға (5,96-дан 5,98-ге дейін) әлсіреді;

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> 9 мамыр –ҚР-да мерекелік күн

<sup>3</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Индонезия рупиясы** ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық келіссөздерге қатысты белгісіздіктің, сондай-ақ ІЖӨ бойынша деректердің талдаушылардың күтулерінен төмен (+5,07% ж/ж 2019ж 1-ші тоқ.) болуы және ағымдағы шот дефицитін 2,6%-ға дейін кеңейту бойынша деректердің шығуы аясында 0,4%-ға (14 266-дан 14 327-ге дейін) әлсіреді;



- **Бразилия реалы** ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық даудың ұшығуы, сондай-ақ өткен жылмен салыстырғанда бөлшек сауданың қысқаруы (-4,5 ж/ж) бойынша статистиканы жария ету аясында 0,5%-ға (3,94-тен 3,96 - ға дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық жанжалдың өршуі аясында 1%-ға (69,22-ден 69,91-ге дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** ел Президентінің МӨЗ құрылысына шетелдік компаниялар арасында байқау өткізілген жоқ деп жариялауы аясында 1%-ға (18,92-ден 19,10-ға дейін) әлсіреді, нәтижесінде жоба Ретех компаниясының (жоғары борыштық жүктемесі бар) және Энергетика министрлігінің ішкі ресурстарының есебінен іске асырылатын болады.



**Дамушы елдер валютасының серпіні (26 сәуір 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 2704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)